


ДЕСІК ЖЫЮБІ



ДОВІСЛЬНЫЕ ПАСИ

2030

ДЕСІК ЖЫРЫ




КОЛЫБАЛЬНЫЕ ПЕСНИ



Желешек-2030  
2008

**ББК 82**

**Б 48**



Жоба авторы: Қалалық ақпараттық кітапхана жүйесінің директоры М.Н. Сайдалина.

**Б 48** Бесік жыры = Колыбельные песни./—  
Құраст. Л.А.Сейітова, — Көкшетау: «Келешек-2030», 2008.— 52 бет, суретті.

ISBN 978-601-231-014-6

Қазақ халқының өте өрідегі ата-бабаларының өмір сүрген кезінен бастау алып, күні бүгінге дейін көдеге жарап келе жатқан рухани мұраның бірі – балалар фольклоры. Осы жинақ арқылы авторлар қазақ ауыз өдебиетінің байлығы мен көркемдік мазмұнына аса көп назар аудара отырып, баска ұлт өкілдерінің назарын қазақ тіліне аударады.

Казахский детский фольклор является неотъемлемой частью многогранной культуры казахского народа. В данном издании через казахские колыбельные песни составители попытались показать необыкновенную красоту казахского языка и привлечь к нему читателей других национальностей.

**Б 48**

ISBN 978-601-231-014-6

© «Келешек-2030» ЖШС, 2008



## КІТАПХАНА-ҚАСИЕТГІ ШАНЫРАК





# Қазақ балалар фольклоры

Балалар фольклоры – ауыз өдебиетіндегі бала тәрбиесіне арналған халықтық педагогиканың өмір тәжірибесінен алғынған шығармалар жиынтығы. Қазақ балалар фольклоры балалардың психологиясына, жас ерекшелігіне қарай қалыптасып, олардың адамгершілік, ізгілік қасиеттерге тәрбиелейтін ең сенімді құралы болып келеді. Негізгі салалары – бесік жыры, мақал-мәтел, жұмбак, жаңылтпаш, ертегі, аңыз-әңгімелер, батырлық жырлар. Халықтың ерте заманнан келе жатқан, үрпақтан-үрпаққа асыл мұра болып жеткен ауыз өдебиетінің де негізін құрайды. Қазақ халқы жас нәресте туғанда, оған арнап «шілдехана», қаз тұрып жүргенде «тұсау кесер», алғаш рет жолға шықса «тоқым қағар» деген секілді ырымдар жасаған. Ана бебегін өсем өуезді бесік жырымен тербеткен. Бебек өскен сайын өннің де, өлеңнің де мазмұнын терендептіп, ертегі айтып қызықтырып, жаңылтпаш айтып тілін ұзартып, жұмбак айтып, ойлау қабілетін жетілдіруге үйреткен.

## Бесік жыры —

тұрмыс-салт жырларының көне түрлерінің бірі. «Туғанда дүние есігін ашады өлең» деп данышпан Абай атамыз жазып кеткендей, бала шыр етіп жерге түскеннен бастап өмір бойы өн ырғағына бөленіп жүреді. Өлемде бесік жырын айтпайтын халық жоқ. Бесік жырында халықтың төл тарихының, дәстурлі мәдениетінің, ежелгі наым-сенімнің, дүниетанымының көрінісі бар.

Өлеңі 7-8, кейде 11 буынды өн формасында құрылады. Бесік жырының басты қызметі бесік тербелісіне ыңғайлы сазды өуен, ыргакты сөзбен баланы тыныштандыра отырып, оның жан дүниесі мен санасына ұлттық тәрбиенің алғашқы нөрін сіңіреді.



Гүлсан Өмірова, № 18 орта мектеп, 14 жас, Көкшетау

## **Ақ бесік**

**Әшекейлі ақ бесік –**

**Әлдиіме бақ бесік.**

**Шұмегінді табайын,**

**Түбекінді салайын.**

**Сылдырмағың салайын,**

**Жібек көрпе жабайын.**

**Бауың – барқыт, пұліштен,**

**Балдақтарың күмістен.**

**Жабдығыңмен сайлысың,**

**Жатса бөпем, жайлышың,**

**Бөпем сенде өседі,**

**Құтты болсын тәсегі.**

# Ананың Әлді

Мамық төсек салайын,

Құшағыма алайын.

Қозым менің үйықтасын,

Арқасынан қағайын.

Бөпем менің қәлғыды,

Тербетті оны өн-жыры.

Бота, қозы, құлыншак –

Үйықтап қалды барлығы.

Ай арбамен жетіпті,

Күн үйқыға кетіпті.

Жұлдыз кіріп кетер деп,

Қақпаларын бекітті.

Ормандар да қалғыды,

Корғандар да қалғыды.

Сен де үйіктап қалағой,

Анасының жан нұры!


Күнім үйіктап қалыпты,

Анасы әнге салыпты.

Ол түсінде ғажайып

Ертек-елге барышты,

Алтын алқа тағыпты.



Сәния Құрманбаева, № 3 орта мектеп, 9 жас,  
Красный Яр ауылы, Көкшетау

## Әлди

Әл-әл бөпем, әл-әл-ай,  
Жылама, бөпем, жылама,  
Жілік шағып берейін.  
Койға кеткен апаңды,  
Қайдан тауып берейін.  
«Кой» дегенде қояғой,  
Койдан бағлан сояйын.  
Құйрығына тойғызып,  
Ұйықтатып сені қояйын.

БАСЫМДА

## **Әлди-Әлди**

**Әлди-Әлди, ақ бөпем,  
Ақ бесікке жат, бөпем.  
Жылама, бөпем, жылама,  
Жілік шағып берейін,  
Байқұтанның құйрығын  
Жіпке тағып берейін.**

**ҚОДАҚЫ**



Сәбира Рафиева, № 13 «Экос» орта мектебі, 12 жас,  
Көкшетау

## **Әлди-Әлди**

**Әлди-әлди бөлесі,**

**Ояу жатыр көкесі.**

**Үй артында апаң бар,**

**Тонсаң саған шапан бар.**

**ЖАҢАЛЫҚ**

## Өлди

Өлди, өлди, өлди, аппағым,

Қозының жұні қалпағым.

Жұрт сүймесе сүймесін,

Өзім сүйген аппағым.

Өлди, өлди, аланға,

Жел қонады дағаға.

Сүт пісіріп берейін,

Нұрланжан деген балаға.

ЖАҢАЛЫҚ



Мәдина Исмайылова, № 13 «Экос» орта мектебі, 11 жас,  
Көкшетау

## **Әлди-ай**

**Тербетемін бесікті,**

**Үйықтасын деп бөпешім.**

**Сықырлатпа есікті,**


**Оянады көкешім.**

**Әлди!**

**Оянбасын бөпешім,**

**Үйықтап алсын көкешім.**

**Әлди-ай!**



**Рустам Нәкішев , № 16 орта мектеп, 11 жас, Көкшетау**

## **Әлди-ай**

**Неге өсті екен қыз сорлы ылауменен,**

**Тал шыбықтай**

**Тал бойын қынауменен-ай, әлди-ай.**

**Анасынан онан да тумасашы,**

**Откізгенше өмірді**

**Жылауменен-ай, әлди-ай.**

**Қайырмасы:**

**Жылама, көңілім, жылама,**

**Жас жүрегім-ай, әлди-ай.**

**Кім тыңдайды қыз сорлы жылағанмен,**

**Көздің жасын көл қылып  
бұлағанмен-ай, әлди-ай.**

**Шыңырауға түскен соң шығу қын,**

**Жалбарынып тәңірден сұрағанмен-ай,**

**әлди-ай.**

## **Әлди бөпем**

**Әлди-әлди, ақ бөпем,**

**Ақ бесікке жат, бөпем.**

**Әлди-әлди, аппағым,**

**Қойдың жұні қалпағым.**

**Жұрт сүймесе сүймесін,**

**Өзім сүйген аппағым.**



**Дәуренбек Сейітов, № 3 орта мектеп, 12 жас, Кекшетау**

## Әлди, бөпем

Есік алды қараңғы,

Көрінбейді тал-терек.

Көп шаршатпай анаңды,

Сен де үйықта ертерек.

Басылыпты дауыл да,

Ешкім есік қақпайды.

Иттер ғана ауылда,

Малды қорып жатпайды.

Гүрілдеген күндізгі,

Моторлар да өшкен бе?

Мазаламай тым бізді,

Басқа жаққа көшкен бе?

Әлди, әлди, бебегім,  
Ұйықта, күнім-арайым.  
Маған болсын көмегің,  
Мен де тыным алайын.



Гүлжан Әлсейітова, № 14 орта мектеп, 11 жас,  
Кекшетау

## Бала уату

Әлди-әлди. бөпешім,  
Қозының жұні кепешің,  
Жұрт сүймесе сүймесін,  
Өзім сүйген аппағым.

### ҚОДАҚ

Әлди-әлди, ақжелең.  
Шауып келдім бозбенен.  
Айдарханның қыздарын,  
Айналдырып сөзбенен.

### ЖЫЛЫМ

## Бала уату

Үйдің арты көк тайғак,  
Жүк жиямын тақтайлад.  
Шақырғаным жоқ еді,  
Өзің келдің ыңғайлап.



Диас Әбдікәрімов, № 3 орта мектеп, 8 жас, Көкшетау